

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ



Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
5111300 – Қазақ тілі және әдебиеті бакалавр бағдарының
4 курс студенті **Набиева Камшаттың**

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ САН ЕСІМДЕР ЖӘНЕ
СОМАТИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Студент:	Қ. Набиева
Ғылыми жетекші:	ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к., доц. А.Оразымбетов

*Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2018-жыл 30-майдағы
№9 протоколымен қорғауға ұсынылды.*

Нөкіс- 2018

Набиева Камшаттың «Фразеологизмдердегі сан есімдер және соматизмдердің қолданылу аясы» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «___» балл

(« ___ » %) қойылды.

«___»_____ 2018-жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

ЖОСПАР:

1. Кіріспе
2. Фразеологизмдердің түрлері
3. Фразеологизмдердің стилдік қолданылуы
 - 3.1. Сан есімдердің қолданылуы
 - 3.2. Соматикалық фразеологизмдердің қолданылуы
4. Қорытынды
5. Пайдаланылған әдебиеттер

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі. Фразеологизмдер мәселесі тіл білімінде әлі де шешілуі тиіс проблемалары көп тарау. Фразеологизмдер тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері. Тілімізде фразеологизмдер құрамында ұйытқылық қызмет атқаратын адамның дене мүшелеріне байланысты бас, тіл, көкірек, жүрек т.б. сөздердің қолданылуы, сан есімдерден бір, бес, алты, жүз, қырық сандарының қолданылуы өте көп кездеседі.

Жұмыстың мақсаты: Фразеологизмдердегі сан есімдердің қолданылу аясы тақырыбын зерттеу барысында мына мәселелер қарастырылды. Бұл үшін ең алдымен тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы, оның еркін сөз тіркестерінен өзгешелігі, фразеологизмдердің түрлерінің тіл біліміндегі қолданылу орны туралы сөз етілді. Фразеологизмдердегі ұйытқы сөздерден сан есімдердің қайсысы көп қолданылатындығы мысалдар негізінде талдап берілді.

Зерттеу объекті: Зерттеу объекті етіп алынған мәселемізді шешуде І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Ә.Болғанбаев, М.Белбаева, Ғ.Қалиұлы т.б. ғалымдардың лексикологияға арналған еңбектерінен пайдаланылды. Ұйытқы сөздер негізінде сан есімдер және соматизмдерден жасалған фразеологизмдердің қолдануы зерттеу жұмысымыздың объекті болды. Теориялық зерттеулерден де ретімен пайдаланып отырдық.

Зерттеу әдісі: Бұл тақырыпта негізінен түсіндіру, талдау, тіл фактілеріне бақылаулар жүргізу т.б. лингвистикада қолданылып жүрген әдістерден пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Зерттеу жаңалығы тақырыптың көкейтестілігіне байланысты. Бұл жұмыст фразеологизмдердің

құрамындағы сан есімдер және соматизмдердің қолданылу ерекшелігі жайлы зерттеуде орындалған арнаулы бірінші жұмыс болып есептеледі.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: Зерттеуде фразеологизмдердің құрамындағы сан есімдерден бір, екі, үш, бес, жеті, тоғыз, қырық, жүз т.б. құрамында дене мүшелерінің атаулары бар тұрақты сөз тіркестерін тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас т.б. **соматикалық фразеологизмдердің** қолданудағы ерекшеліктері көрсетілген. Сондықтан бұл жұмыстан қазақ тілінің лексикология саласына қатысты еңбектер жазуда, фразеологиялық сөздіктер түзуде пайдалануға болады.

Сондай-ақ, көркем мәтінді лингвистикалық талдау, стилистика, көркем шығарманың анализі, көркем оқу пәндерін өтуде де пайдалануға көмегін тигізеді.

Жұмыстың құрылысы: Жұмысымыз кіріспе, екі бөлім, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі 50 бет. Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, фразеологизмдердің тіл біліміндегі орны, олардың қолданылу аясы жайлы кең сөз етілді. Ал, екі бөлімде тақырыпқа тиісті мәселелерді мысалдармен көрсетіліп, анализ жасалды. Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелерінен толық тұжырым жасалды.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.к., доцент А.Оразымбетов

Студент:

К. Набиева

КІРІСПЕ

Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды. Сөздердің мағынасын, оның жалпы лексикалық жүйедегі алатын орнын, шығу төркінін, қолдану қабілетін, күнделікті қарым-қатынастағы көрнісін, түрлі стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылымды бір сөзбен лексикология дейді. Лексикология сөздерді тілдің қазіргі даму тұрғысынан да, сонымен бірге өткен тарихымен тығыз байланыстыра отырып та зерттейді. Осы лексикологияның бір саласы фразеология деп аталады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді арнайы теориялық тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың ортасынан баталып, бүгінгі күнге дейін зерттеушілер назарына ілігіп, зерттеу объектісіне айналып, әлі толастамай келеді. Осы уақыттағы зерттеулерді шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болды:

— XX ғасырдың ортасы мен 60 жылдар арасы – қазақ фразеологиясын теориялық жағынан зерттеудің алғашқы кезеңі.

— 60 – 70 жылдар – қазақ фразеологизмдерін классификациялау, жеке авторлар еңбектеріндегі фразеологизмдер жайы.

— XX ғасырдың соңғы он жылы – фразеологизмдерді, этнолингвистикалық, этномәдени тұрғыдан зерттеу және салыстырмалы фразеология.

Қырықыншы жылдардан бері қазақ тілінің фразеологизмдері әр қырынан зерттеліп, мақалалар көлемінен шығып, диссертциялық зерттеулер объектісіне айналды. Қазақ фразеологиясын тілдік тұрғыдан зерттеуге алғашқа кезеңде ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы аса көрнекті тілші ғалымдар дені түгел назар аударды. Фразеологизмдердің теориялық – практикалық мәселелерін І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, К. Аханов, Р. Сәрсенбаев және кейінгі буын

зерттеушілер А. Байтелиев, Қ. Қалыбаева, Н. Қашанова, С. Сәтенова т.б. фразеологизмдердің тақырыптық – мағыналық топтарын, синтаксистік қызметін арнайы зерттеп, тұжырымдар жасады.

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады.

Бірінші мағынасы тілдегі тиянақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы.

Екіншісі – бір тілдегі фразеологизм байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы фразеология проблемаларын ашуда академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегі бүкіл тюркологияға қосылған елеулі үлес болды. Одан кейін Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің лексикологиясы», Ә.Белбаева «Қазақ тілінің лексикологиясы» деген еңбектерінде де бірқыдыру мәселелер сөз болады.

Қазіргі қазақ тілінің фразеологизмдері: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып жіктеледі.

Тілдегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған. Олар мыналар:

1. Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған.

Мысалы: «Жауыр болды» деген тұрақты тіркестен біз көп мініліп арқасы жауыр болған атты түсінеміз.

2. Бірқыдыру фразеологизмдер уақыт, мөлшерді білдіреді.

Мысалы: Күн шыға, тападай тал түс т.б.

Үшіншісі – Бірсыпыра фразеологизмдер діни ұғымдар мен фразеологизмдер ескі әдет ғұрыптарға байланысты жасалған.

Мысалы: Ант су ішті, діні қатты.

Төртіншісі – Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына аңыздар мен түрлі ұғымдар, өткен тарихи уақиғалар негіз болған.

Мысалы: Қайда барсаң Қорқыттың көрі, Есімханның ескі жолы т.б.

Тілдегі фразеологизмдердің бәрінде о баста конкретті тура мағынасы болған. Профессор Ғ. Мұсабаевтың пікірінше осы күнгі «Жүрек жұтқан, қан ішер» т.б. деген фразеологизмдердің бәрі де о баста тура мағынада қолданған. Бұлар талай заманның белгісін сақтап, кейіннен басқа мағынаға ауысып кеткендігін айтады. Фразеологиялық мағынаның түп-төркіні лексикалық мағынамен іштей өзектесіп жатады.

Қазақ тіл білімінде, тюркологияда фразеологияның жалпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері кейінде жазылған сөздіктерде, мақалаларда иллюстрация материалы дәрежесінде ғана қолданылып келді. Тіпті жалпы тюркологияда елеулі орын алатын бұрынғы сөздіктерде де идиомдар және басқа тұрақты сөз тіркестері тым сирек кездеседі. Тек соңғы кездерде ғана қайсібір түркі тілдерінде осы салада еңбектер туа бастады.

Фразеология – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Фразеологизмдер – қазақ әдеби тілінің айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді, бояуы қанық алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Фразеологизмдер бұрынды – соңды еңбектерде, көбіне лексика тұрғысынан зерттеліп келгенін білеміз. Тіпті зерттеушілер қыркыншы

жылдарға дейін теориялық объектісі етіп алған емес. Кейінгі он – он бес жыл ішінде түркі тілдерін де фразеологизм проблемалары жан-жақты тексеріліп, тың ойлар ғылыми жұртшылықтың талқысына түсуде. Фразеологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеуді бұл күндері тілшілер қауымы мықтап қолға алып отыр. Бұл салада әсіресе Москва, Ленинград ғылымдары елеулі де нәтижелі табыстарға жетті десек, артық емес. Түркі тілді республикалардағы лингвист ғалымдардың фразеология пәнін өрістетуге талабының өзі бір төбе. Бұлай дегенде біз «Самарқанд мектебі» атанып жүрген ғалымдар тобының алымды еңбегін, өнімді істерін айтып өтсек болады. Самарқанд университетінің жанынан Л.И.Дойзензонның мәселелері атты көп сериялы жинақ үздіксіз шығып тұрады.

Қырғыз тілінің лексикасын зерттеу ісі белгілі ғалым К.К.Юдахин еңбектері арқылы көзге шалынады. Сол секілді, өзбек ғалымы Ш.Рахматуллаев, түрікмен ғалымы К.Бабаев, татар ғалымдары Г.Х.Ахатов, Г.Х.Ахунжанов. Азербайжан тілі бойынша Г.Н.Байрамов, түрк тілі бойынша Р.Р.Юсупова жәриялаған еңбектердің құндылығын да арнай атаған мақұл. Фразеологияның жалпы теориясына қатысты М.Т.Тагиев, С.Н.Муратов ізденістері де ғылымға соны пікір, тың топшылаулар әкелді. Башқұрт тілі фразеологизмдерін Дж.ҒКиекбаев, Х.Т.Юсупов т.б. зерттеді. Әсіресе, З.Г.Ураксиннің 1975 жылы орыс тілінде жарық көрген «Башқұрт тілінің фразеологиясы» атты кітабы өзге түркі тілдері үшін де пайдасы мол еңбек. Өзге мәселелерге байланысты фразеология тарауынан пайдалы пікір айтушылар тобына Ә.Наджип, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Қ.Сағындықов, С.Талжанов сияқты ғалымдар жатады. Тиянақты тіркес категориясын тікелей зерттеп, құнды еңбек шығарып жүрген шәкірттер бар. Бұл ретте ең алдымен Ә.Қайдаров, сонан соң Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов,

Ө.Айтбаев, Р.Сәрсенбаев, Ә.Ибатов және С.Төлекова, К.Дүйсентаева т.б. зерттеушілердің есімдерін арнайы атағанымыз мақұл.

Фразеологияның сыр-сипатын сөз еткенде, оның тіл ярустарына, тілдің құранды бөлшектеріне мүлде қатысы жоқ деп ешкім де айта алмайды. Тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін (релеванттық қасиетін) бір-ақ ауыз сөзбен түйгенде мынадай жәйт аңғарылады.

1. Мағына тұтастығы.
2. Тіркес тиянақтылығы.
3. Қолдану тиянақтылығы.

Осы үш критерийді бір-бірінен ажыратып алмай тұтасымен басты арқау еткенде ғана фразеологизмнің ерекше белгілерін тани аламыз.

Осы аталған басты үш белгіге, яки үш критерийге сүйене, немесе, тіпті, табан тірей отырып, бүкіл қазақ тілінің құрамындағы фразеологизм құбылыстарын ең негізгі үлкен екі арнаға бөлеміз.

- Олар: 1. Фразеологиялық түйдектер.
2. Фразеологиялық тіркестер.

Бұл топтарды дәстүрлі түсіндіретін болсақ, фразеологиялық түйдекке идиом сипатындағы фразеологизмдерді жатқызамыз.

Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Оны ұйытқы сөз деп атау орынды. Оған мысалы: тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, қара, тас, ат, ит, жеті, үш, тоғыз, қырық сандары жатады. Бұл сияқты сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті жоғарыдағы тіл, жүрек т.б. типтес емес. Өйткені бұл үш, жеті, тоғыз, қырық сөздері өзінің сан мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек.

2. Фразеологизмдердің түрлері

Фразеология грек тілінің *phrasis* (сөйлемше) және *logos* (ілім) деген сөздерінен жасалған термин. Фразеология лексикологияның бір саласы болып тұрақты сөз тіркесінің түрлерін, олардың құрамы мен құрылысын, жасалу жолдарын зерттейді. Тілдегі сөз тіркестері өзінің грамматикалық ерекшеліктеріне қарай екі түрге бөлінеді:

1. Еркін тіркес
2. Тұрақты фразеологиялық тіркес.

Синтаксисте соңғы кезде жан-жақты қолға алына бастаған синтаксистік объектінің бірі - сөз тіркесінің синтаксисі. Ш.Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткіші бойынша сөз тіркесі синтаксисі жөнінде қазақ тілі және қазақ тілі мен басқа тілдерді салыстыру жайында 400-дей монография, оқулық және мақала жарық көріпті. Ол еңбектерде сөз тіркесінің теориялық мәселелері, сөз тіркесінің орыс тілі, ағылшын, неміс тілдерімен салыстырыла берілуі, тарихы сияқты мәселелер қамтылады. Бұл зерттеулерге қарағанда сөз тіркестерінің теориялық мәселелері жан-жақты зерттеу объектісі бола бастағанымен, сөз тіркестерін мектептерде оқу, яғни оны оқытудың методикасы бірер мақаланың төңірегінде ғана сөз болып отыр. Сондықтан да сөз тіркесіне қатысты методикалық мәселелер жан-жақты қарауды күтіп отырған күрделі мәселе. Сөз тіркесінің теориясында, Түркология еңбектерде бір ізге түспеген мәселелер баршылық. Сөздің еркін тіркесінде сөздер ыңғайына қарай әр түрлі сөздермен тіркеседі.

Мысалы: *жақсы деген сөз, жақсы қыз, жақсы бала* деген сөздерімен еркін тіркесіп келеді.

Тұрақты тіркестерде сөздер кез келген сөздермен тіркесе бермейді. Белгілі бір сөздермен тіркесе айтылып, әбден қалыптасып тұрақты сөз

тіркесі болып келеді. Мысалы: *қой аузынан шөп алмас* деген тіркес момын деген мағананы білдіреді. Бұл тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер сол тіркес ішіндегі сөздер мен тіркесіп барып қана тұрақты фразеологиялық сөз тіркесін жасайды. Жоғарыдағы сөйлемнің ішіндегі қойдың орнына ешкі сөзін қойып айтсақ тұрақты сөз тіркесі бұзылып, фразеологиялық тіркес болудан қалады. Сөйтіп, тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері деп әбден қалыптасқан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз. Тілдегі фразеологизмдердің бәрінде о баста конкретті тура мағынасы болған. Профессор Ғ.Мұсабаевтың пікірінше осы күнгі «жүрек жұтқан, қан ішер» т.б. деген фразеологизмдердің бәрі де о баста тура мағынада қолданылған¹. Бұлар талай заманның белгісін сақтап, кейіннен басқа мағынаға ауысып кеткендігін айтады. Фразеологиялық мағынаның түп-төркіні лексикалық мағынамен іштей өзектесіп жатады.

Фразеология деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тиянақты тіркестерді тексеретін тіл білімінің саласы дегенді, екіншісі-бір тілдегі фразеологизм байлығының тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» атты бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан.

Фразеологизмдер өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар: 1) *даяр қалпында жұмсалу белгісі*, 2) *мағына тұтастығы*, 3) *тіркес тиянақтылығы*.

Фразеологизмдердің *даяр қалпында жұмсалу* белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы: Ерке дүкеннен

¹ Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы. Мектеп, 1988. 23-бет

қырық пышақ сатып алды. *Қырық пышақпен* қыржындап тұрған түлкі, О да осал жау емес қыран паңға (Абай). Екі сөйлемдегі қырық пышақ деген тіркестің алғашқысы- еркін тіркес те, соңғысы- фразалық тіркес.

Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданылуы жағынан лексикалық единица - сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мәселен, бала, балалы, балалық, балалау, бала-шаға, балажан, балажандық, балалы-шағалы тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфема, аффикстік морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін единица ретінде жұмсалады. Фразеологизмдер де дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі - *мағына тұтастығы*. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз өздігінен өмір сүреді. Мәселен, *жерден жеті қоян тапқандай* дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағына *жер, жеті, қоян, табу* деген төрт сөздің бір де біреуімен байланыспайтын, бірақ сол төрт сөздің қаз-қатар жұптасып қолдануы арқылы пайда болады. Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданып қана қоймайда, мағыналық жағынан да бір тұтас единица ретінде көрінеді. Ғ.Мұсабаевтың пікірінше фразеологизмдердің бәрі де о баста тура мағынада қолданылған¹. Бұлар талай заманның белгісін сақтап, кейіннен басқа мағынаға ауысып кеткендігін айтады. Фразеологиялық мағынаның түп-төркіні лексикалық мағынамен іштей өзектесіп жатады.

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасады. Өзара тығыз жымдасып

¹ Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы. Мектеп, 1988. 23-бет

орналасқан сөздерді жігі ажыратылбмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастырнуға я болмаса, тұрақты орын-тәртібін өзгертуге келмейді. Мәселен, *мұрнын көкке көтерді* дегеннің орнына *қолын көкке көтерді* десек , мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді.

Фразеологизмдерге тән үш түрлі белгі болғанымен, бұлар бір-бірімен әрдайым ашық ажыратыла бермейді.

Фразеологизмдерді орыс тілі біліміндегі академик В.В.Виноградов классификациясын негізге алып бөледі. Қазақ тіл білімінде осы классификацияны бірден-бір арқау етіп келе жатырмыз.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып, негізінен үш топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық

Бұл топқа фразеологизм құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мәселен, *мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен *қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады* дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекеленген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді.

Фразеологиялық бірлік

Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада

қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынады.

Фразеологиялық тізбек

Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шаққан. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөзбен фразеологиялық қалпында сөздің тіркесуінен жасалып, сол қалпында, тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, ала қол, қара бет, жел аяқ, қарсақ жон, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, ақ саусақ, балды бармақ, кең қолтық, көк езу, салпы ерін, кер азу, қалам қас, ай қабақ, теке сақа, торсық шеке, жез таңдай, бір ұрт, қызыл тіл, күміс көмей, қамыс құлақ, шөп желке, қу жақ, қызыл кеңірдек, біз тұмсық, бір төбе, зор кеуде, шер көкірек, аршын төс, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды, т.б.

Фразеологизмдер сөз табына қатыстылығы жағынан негізінен төрт топқа бөліп қаралады:

1. Етістік мағыналы фразеологизмдер.
2. Сындық мағыналы фразеологизмдер.
3. Заттық мағыналы фразеологизмдер.

4. Үстеу мағыналы фразеологизмдер.¹

Етістік мағыналы фразеологизмдер: *Көзінің еті өсті* – көкірек керді, менменсіді; *қолды болды* – ұрланды, жоғалды; *басына іс түсті* – істі болды, шатылды; *екі аяғын бір етікке тықты* – тықсырды, қуырды; *көз жаздырды* – адастырды, айырылып қалды; *нысқырып та қарамады*- менсінбеді, көзіне ілмеді; *насырға шапты*- асқынды, қырсықты, т.б.

Сындық мағыналы фразеологизмдер: *аспанмен тілдескен*-биік, ұзын; *қара қылды қақ жарған*-әділ, турашыл; *қағанағы қарқ, сағанағы сарқ*-мәре-сәре, мәз-мейрам; *қаламы жүйрік*- жазғыш, қаламы төселген; *ит тұмсығы өтпейтін*- қалың, бітік, ну; *аузын бұған өгіздей*- үндемейтін, мылқау; *кеспеге қарасы жоқ*- семіз, майлы; *тас бауыр*- мейірімсіз, т.б.

Заттық мағыналы фразеологизмдер: *Кіндік кесіп кір жуған*- туған ел, Отан; *бір ауыздылық*- ынтымақ, бірлік; *қара көлеңке*- апақ-сапақ, бейуақыт; *о дүние*- ақырет, махшар; *от басы*- үй іші, ошақ басы, семья; *ұзын құлақ*- өсек, сыбыс; *шикі өкпе*- перзент, бала; *шынжыр балақ, шұбар төс*- бай, манап, шонжар, т.б.

Үстеу мағынасындағы фразеологизмдер: *Сақадай сай*- дайын, әзір; *атқан оқтай*- түп-түзу, тура; *көз ұшында*- алыста, қашықта; *о баста*- басында, алғашқыда; *тиіп қапты*-үстіртін, соқпа-соқпада; *бір төбе*- ерекше, айрықша; *көз алдында*- бетпе-бет, жүзбе-жүз; *аяқ астынан*- кенеттен, жоқ жерде, т.б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі- етістік фразеологизмдер. Онан кейінгілері- сындық және заттық мағынадағы фразеологизмдер. Ең аз кездесетін үстеу мағынадағы фразеологизмдер болып табылады.

¹ Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Г.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Аламаты, 1997, 256 б.

3. Фразеологизмдердің стилдік қолданылуы

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестерін сол дайын күйінде пайдаланып сөйлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Экспрессивті тұрақты сөз тіркесі сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы, үріп ауызға салғандай, жүрек жұтқан деп жағымды образ туралы айтылса, қоян жүрек, тас бауыр, жұмыртқадан жүн қырыққан дегендер жағымсыз образдар жайында айтылады. Бұл мысалдардағы экспрессивті тұрақты сөз тіркестері адамның бойында болатын жағымды және жағымсыз қылықтарды әсерлі бейнелейді.

Эмоциональды-экспрессивті сөздердің тіркесін мына төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады. Бірінші топқа үріп ауызға салғандай, іші-бауыры елжіреген, емешесі құрыған, жүрек жұтқан, қоян жүрек, тас бауыр, қу табан, сор маңдай, жұмыртқадан жүн қырыққан, қу бастан қуырдақтық ет алған, ит екеш иттен де бір сүйек қарыздар сияқты жағымды және жағымсыз образды сипаттайтын эмоциональды-экспрессивті тұрақты тіркестерін жатқызуға болады.

Екінші топқа әр түрлі көңіл-күйін білдіретін тұрақты сөз тіркестері жатады. Бұл топқа жақсы көру, еркелетумен байланысты қолданылатын тіркестер: көзімнің қарашығы, жан қалқам т.б. жатқызуға болады.

Тұрақты сөз тіркестерінің ішінде сөйлеу тілі ыңғайында көбірек пайдаланылатындары – идиомалар. Ал мақал-мәтелдердің қолдану аясы идиомдарға қарағанда кеңірек, өйткені мақал-мәтелдер бейтарап қолдануға бейім келеді. Сонымен қатар фразеологизмдердің ішінде кітаби-жазба стильдерде жұмсалып танылғандары аз емес. Оларға жазба тіл негізінде қалыптасқан, кітаби сипаттағы сөз тіркестерін жатқызуға болады: Бостандық аралы – Куба, әлкен химия, қосымша күн, дала падишасы, үндестік заңы, сұрақ белгісі т.б.

Міне, тіліміздегі әр алуан фразеологизмдерді біртекті, бірыңғай қолдануға болмайды. Сондықтан фразеологизмдерді экспрессивтік-стильдік бояуына қарай бөліп топтастыру ыңғайлы.

Қазіргі қазақ тілі фразеологиясы осындай белгісіне қарай мынандай үш топқа бөлінеді: бейтарап қолданылатын фразеологизмдер, сөйлеу тілі фразеологизмдер, кітаби фразеологизмдер.

Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер

Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер. Бейтарап сөзі жалпылама деген мағынаны білдіреді. Бейтарап фразеологизмдер дегеніміз – сөйлеу стилінде болсын, кітаби-жазба стильдерінде болсын жалпылама қолданылатын тұрақты сөз тіркестері. Өйткені, бұл топтағы сөз тіркестерінің, стильдік сипаты болмайды. Сондай-ақ бейтарап қолданылатын фразеологизмдердің эмоциональды-экспрессивті бояуы да болмайды, зат пен құбылысты атап қана қояды. Мысалы, ит арба, ит аяқ, ит көйлек сияқты сөз тіркестерін алатын болсақ, бұлар тек заттын аты болғандықтан, олардың экспрессивтік бояуы да, бейнелегіштік қасиеті де жоқ.

Осы тұрғыдан алып карағанда, бейтарап фразеологизмдер тобына тұрақты ұғым болып қалыптасқан жер-су аттары және кейбір терминдік сипаттағы сөз тіркестері енеді. (өара теңіз, Ақ теңіз, көз әйнек, ауыр өндіріс).

Сөйлеу тілінің фразеологиясы

Фразеологизмдер ең алғаш сөйлеу тілінде де жазба тілінде қолданылып жалпыға танылады. өазақ тілінің фразеологизмдерінің дені жазба тіл дамымай тұрып, сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан.

Сөйлеу тілінің фразеологиясы күнделікті тұрмыста, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады, сонымен қатар көркем әдебиетте де, персонажда, кейіпкер тілінде белгілі дәрежеде қолданылады.

Сөйлеу тілі фразеологиясы құрамына қарапайым, тұрпайы, әзіл, сықақ, профессионализм сияқты мәндегі фразеологизмдер енеді.

Мысалы: *тым дәндиіп кету; індеріне су құю; беттің арын белбеуге тую; дымын шығармау*. Сөйлеу тіліне тән фразеологизмнің бір ерекшелігі – оның құрамына енген сөздің көбіне біреуінің мағынасы күңгірттеніп, өлі түбір сөздер болып келуі. Мысалы: *қыбын табу, парқын айыру*.

Сөйлеу тілінде жұмсалатын тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қарапайым, тұрпайы сөздер және кәсіби фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Кәсіби сипаттағы фразеологияға шопанның әке таяғын ұстауы, студенттердің құлап қалуы, оқытушылардың ашық сабақ сияқты тіркестерді атауға болады. Ескі қоғамға тән фразеологияға жаугершілік, барымта, саудагерлік, пайдакүнемдікпен байланысты туған тіркестер жатады: барымтаға қарымта, сауда сақал сипағанша, саудада достық жоқ, есепсіз дүние жоқ т.б. қарапайым, тұрпайы фразеологизмдердің қолданылу аясы тар: соқырға таяқ ұстатқандай, ит жоқта шошқа үреді т.б.

Сөйлеу тілінің фразеологиясы басқа стильдерге қарағанда варианттар мен синонимдерге өте бай келетіні байқалады. Сөйлеу тіліндегі фразеологиялық синонимдер образдылығы және экспрессивті бояуы жағынан сан қырлы, құбылмалы келеді, Бұл құбылыс тілінде айрықша бір эмоционалды рең береді.

Кітаби сипаттағы фразеологизмдер

Қай стиль болмасын өзінің ерекшелігі болады. Ол ерекшелік стильдерді бір-бірімен салыстыруда байқалады. Сөйлеу тілінің

фразеологиясы күнделікті тұрмыста ауызекі сөйлеуде қолданылып, оның экспрессивті стильдік бояуы еркелету, әзіл-сықақ, тұрпайы, қарапайымдылық мәнде болса, кітаби тіл фразеологизмдегі кітаби тілге тән. Көркем шығармада поэтикалық сипат, публицистикалық шығармада салтанаттылық басым болса, ғылыми шығармалар логикалық дәлдікті тілейді т.б. Мысалы: 1. Поэтикалық фразеологизм: *сұмбіл шаш, ая көз, құралай көз*. 2. Публицистикалық фразеологизм: *аталық қамқорлық, сара жол, отандық сезім*. 3. Терминдік фразеологизм: *өндіргіш күш, материалдық-техникалық база*.

Ал жазба тіл фразеологиясы поэтикалық, публицистикалық және терминдік сипатта болып келеді. Бұл топтағы фразеологизмдерге жазба тілінің негізінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері түгел енеді.

Жазба тілдің негізінде қалыптасқан фразеологизмдер құрамы жағынан әр алуан. Бұл топта қанатты сөзге айналып кеткен саяси қайраткерлер мен жазушылардың әр алуан әр кезде айтқан сөздері мен күрделі терминдер, саяси ұрандар бар. Қанатты сөздерге жататын тіркестер: «Аз да болсын, жақсы болсын, қуып жету және басып озу». «Өлі жандар», «Дворян ұясы», «Құндақтағы адам» т.б. Фразеологизмдер бір тілден екінші бір тілге сөйлеу тілі және жазба нұсқалар арқылы ауысады. Мәселен: ештен кеш жақсы, жылтырағанның бәрі алтын емес, бейбітшілік көгершіні т.б. тіркестер біздің тілімізде орыс тілінің ықпалымен қалыптасып, фразеологиялық қорымызды байыта түсуде.

Жазба тілдің негізінде қалыптасқан фразеологизмдердің бір түрі – терминдер. Терминдерге ұқсас болатын жерлері бар. Алдымен кӀрделі терминдер сөз тіркесі кӀйінде жұмсалып, зат және құбылыстың атын білдіреді. Заттың, құбылыстың аты – тұрақты категория. Солай болғандықтан күрделі терминдер де тұрақты сөз тіркестері ретінде қолданылады. Кейбір күрделі терминдер бейнелі сөз тіркестерінің

үлгісінде келеді. (Су қараңғы, соқыр ішек, асқазан, көз әйнек, сегіз көз, ақ олимпиада, Жетіқарақшы, көгілдір отын т.б.)

Күрделі терминдегі бұл белгілер оны тұрақты сөз тіркестері ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Күрделі терминдер заттың не құбылыстың аты болғандықтан өмірдің әр түрлі салаларын қамтиды. (ғылым, техника, спорт, шаруашылық т.б.)

3.1. Сан есімдердің қолданылуы

Фразеологизмдердің осындай зерттелуі қажет мәселелерінің бірі сан есімдердің фразеологизмдер құрамында қолданылуы.

Сан есімдер бойындағы мифоэпикалық семантика мен символикалық қолданыстар олардың магиялық қасиеттерімен тікелей байланысты. Сан есімдер мифологемасы дара сандарда ғана емес, антропонимдерде, фразеологизмдер де көптеп сақталған.

Онамастика ғылымының көрнекті ғалымы Т.Жанұзақов сан есімдермен келетін жалқы есімдерге 1-10,40,50,60,70,80,90,100,1000 сандарымен келетін кісілерде кездесетін адам аттарына тоқталып, ал есімдердің көбінесе ер кісілерде кездесетінін, ал санмен әйелдер есімінің кездеспейтінін айтады¹.

Көне жазба ескерткіштер деректері мен қазіргі түркі тілдері материалдары сан құдіреті архаикалық, көне дәстүрлерді сақтағанын және олардың көпшілігінде ерекше символиканың таңбасы барлығын дәлелдейді.

¹ Жанұзақов Т. Қазақ есімдері. Алматы, 1988. 196 б.

Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдердің табиғатына ғылыми талдау жасаған ғалым Қ. Қ.Рысбаева кейбір сан есімдердің ұйытқы болатынын айтқан¹.

Қарақалпақ тілі маманы О.Доспанов «Қырық саны этимологиялық жағынан ертедегі уақыттарда көптік, молдық, сансыз шексіздікті білдіріп, уақыттың өтуімен мағынасы тарайып, қазіргі күндегі семантикасын білдірумен шектелген болуы керек»-деп пікір айтады. Ол сонымен бірге тек қана қазақ тіліне тиісті болған ғайыб ерен қырық шілтен, қара қылды қырыққа бөлген, қырық күн қырғын, мың күн сүргін болса да, қырық күн шілде, қырық қазанның құлағын тістеген және т.б. фразеологизмдерді көрсетеді².

Сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті жоғарыдағы тіл, жүрек т.б. типтес емес. Өйткені, бұл үш, жеті, тоғыз, қырық сөздері өзінің сан мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ, бертін келе бұл ұғым түсінік дерексізденіп, екінші бір сапаға ауысқан деуге болады.

Өзге сандардан гөрі жеті санының жұмсау өрісі кеңірек.

Жеті негізінде жасалған нақыл сөз, тақпақ, мақал т.б. фразеологизмдер едәуір. Бұларда көне дәуір салт-санасының ізі сақталған.

Қай елде болса да өмірінде, ескі салтында бақсылық, балгерлік болғаны әркімге аян. Сол бақсылық дін ұғымдары қазақта да болды. Қазақ құмалақ атқанда «жетіскенге беретін жеті әліп» деп келеді. Бұл жерде «әліп» басында «білу-тану» деген мағынаны білдірген.

¹ Рысбаева Г. Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер. Алматы 2000. 95 б.

² Доспанов О. Қырық санының келип шығуы туралы. ӨзРИА ҚҚБ Хабаршысы. 2001 ж. N4. 101 -102-беттер.

Балгердің «сәуегейлігіне» шын құлай сенетін адам жетіскенге беретін жеті әліпті құмалаққа тізе бұғуі даусыз. Мұндай сенім – нанымға ұйыған жұрттың «жеті қабат жер, жеті қабат көк» дегенді шығарып алуына да таңырқауға болмайды. Бұл фразеологизмдер мифологиялық, астрологиялық ұғымнан хабар беріп тұр.

Жерді ұстап тұрған «көк өгіздің мүйізі» деп білген халық өзінің ойын жетімен байланыстыруы бұл сан есімнің халықтың атам заманғы өмірімен, идеологиясынан аздап болса да керек бола алатындығын көрсетеді. Осыған қарағанда «жеті қарақшы» жұлдызын ала бөле жеті санымен байланыстыруы бұл сан есімнің бәлкім «киелі» екендігін көрсетсе керек. Жеті жұлдызды жеті қарақшыға балаған болар, көзіне бадырайып көрініп тұрған затты өзінің атымен атаған болар.

Мұнда ешқандай «киелі» зат жоқ дейік. Олай болса, сан есебіне келетін өзге жұлдыздар неге басқаша аталған.

Мысалы: Үркер, Шолпан, Ақбозат т.б. Ал көзге көрінген нәрсені өз атымен атады дейік, ал енді көзге түртсе көрінбейтін түнді қазақ неге жеті түн, жеті қараңғы түн дейді.

Бір санының халық тіліндегі қолданысы: *бір құдайдың ұрғаны, бір құдайдан тілегенім, бір құдай біледі, бір Алла өзің жар бола көр, бір Аллаға тәуекел.*

Екі саны – жұп сан болғандықтан, тұрақтылық, жұптылық символы болады. М.Жүсіпте: *Жүзінде екі дүние кемдік көрмей, Құдайы қайда барса, медет болар; Екі дүние нұры – ғылым.*

Осындағы **екі дүние** - діни ұғым. Бірі – тірліктегі кез, бұл – жалған дүние, екіншісі – адам қайтыс болғаннан кейінгі кез, бұл – шын дүние. *Екі дүние* тіркесін басқа да қаламгерлерден кездестіре аламыз (Абай, Шәкәрім) және діни коннотацияда жұмсалғанын байқадық.

3 санына байланысты:

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл.

Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Мифологиялық түсінік бойынша, әлем **үш** қабаттан тұрады: аспан, жер, жер асты. Сондай-ақ **үш** саны өткенді, қазіргіні, болашақты білдіреді. Қазақ халқы түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, бақылау жасаған. Тілімізде *үш жұрт*, *Үш Жүз*, *үш күндік пәни*, *үш қайтара сәлем беру*, *ер кезегі үшке дейін*, *үш қайнаса сорпасы қосылмау*, т.б. сияқты тұрақты тіркестер бар.

Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса, Киімің жоқ кететін тағы киіп (М. Жүсіп). *Үш қат бөз* фразалық байлаулы мағынадағы тіркесін пайдаланып, ақын жалған дүниеде қанағатшыл болу керектігін айтқысы келеді, адам баласы қанша бай болса да, бақиға тек үш қат бөз оранып кететінін айтады.

Үш жұртты өткізіпсің, ойлап тұрсаң (М. Жүсіп).

Ақынның *үш жұрт* деп отырғаны халық қолданысындағы – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты емес. Осы өлеңінде қаламгер адам өмірінің үш кезеңін, яғни, балалық шақ, жастық шақ, қарттық шақты айтады. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігі, дүниетанымдық қабілеті болып табылады.

Халық ерте заманнан-ақ түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, оларға бақылау жасаған. Олардың ортақ қасиеттерін саралап, санамен түйіп, оның ізін өз тілінде сақтаған (*үш жұрт*, *үш күндік пәни*, *үш қайтара сәлем беру*, *үш қайнаса сорпасы қосылмау және т.б.*). Көне түркі руникалық ескерткіштер тілінде үш санымен келген көне этникалық және географиялық атаулар кездеседі.

Мысалы: үч оғыз – оғыз тайпа бірлігі, үч қарлуқ, үч қурыған – үш қарлуқ және құрықан тайпа бірліктері. Міне, бұдан сол кезде тайпалар

бірлігі үштен құралғанын көреміз. Караханид ұйғырларында «үш жұлдызды» төрт жылдың мезгіліне балаған деректер бар.

Қазақ халқының тек тану дәстүрі бойынша әр азаматтың үш жұрты болады: өз жұрты, нағашы және қайын жұрты. Олар жанашыр, сүйеніш, қорғаныш болып саналады.

Сонымен қатар түркі тілдес халықтары тілінде адам дүниеден қайтқаннан кейін үш күннен соң үшін өткізу, беру; үшін шақыру; үшін оқыту сияқты әдет-ғұрыптар сақталған.

Кейбір түркітанушы ғалымдардың (А.М.Щербак, Я.В.Севортян, Б.А.Серебренников) пікірінше, көне түркі ескерткіштерінде үш саны туыстас, қандас, рулас жақын адам мағынасында қолданылған дейді.

Тіліміздегі үш қабат, үш жұрт этнофразеологизмдердің құрамындағы үш санының түсінігімен бірге «негізгі, басты» деген түсініктерді де білдіреді. Ертедегі сенімдерге байланысты пайда болған үш рет дем салу, үш рет укалау сөз тізбектері Қорқыт ата кітабында да кездеседі.

Мысалы: Түсімде боз атты Қызыр келіп үш қайтара жарамды қолымен сипалады.

Қарақалпақ және қазақ тілдерінде үш қайнағанда сорпасы қосылмау, үш ұйықтағанда түсіне кірмеу т.б. сөз тізбектері бар.

Үш санымен келетін фразеологизмдер де басқаша қолданылуына байланысты жеті, тоғыз, қырық сандарымен бірге сандық мағынасынан айрылып жұмбаққа айналған сан болып есептеледі.

Шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар жеке сөздермен ғана емес, фразеологизмдермен де түсіндіріледі. Сондықтан лексикология мен фразеологизмдер әрдайым өзара тығыз бірлікте қаралады. Фразеологизмдер берілгенде ұйытқы сөздің ұясына топтастырылады.

Төрт саны ең алдымен, біріншіден дүниенің төрт бұрышымен – оң түстік солтүстік, шығыс және батыспен тікелей байланысты. Көне ұйғыр

ескерткіштеріндегі төрт бұрыш бүкіл дүние, әлем мағынасында қолданылатын көне дәстүр.

Қазақ тіліндегі дүниенің төрт бұрышы барлық әлем, түкпір – түкпірден, түрік тіліндегі, дүниенің төрт бұрышынан, бүкіл әлемнен, әр тараптан, кабардин-балқар тіліндегі төрт дүние – бүкіл әлем, өзбек тіліндегі төрт томани кубла – барлық төрт тарапқа т.б. тіркестер қазіргі түркі тілдес халықтарда сақталған.

Төрт саны мифологиялық түсінікте тұрақтылық, тұтастық мағынасында жұмсалады. Мысалы: төрт құбыласы түгел, төрт көзі түгел, төрт қанат үй т.б.

Төрт кітап: Мұсаның кітабы – Тәурет, Дәуіт кітабы – Забур, Исаның кітабы – інжіл, Мұхамбет пайғамбардың кітабы – Құран.

Төрт түлік: жылқы, түйе, сиыр, қой.

Төрт тұрман: ер тұрманы, мұкәммалы, жаужарағы, бес қаруы.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» төрт рет туылу, дүниеге келу, төрт әулие, яғни Алланың төрт әулиесі, мұсылман мемлекетінің алғашқы төрт уәкілі – Әбубәкір, Осман, Омар және Али аттарымен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі аспаннан түскен төрт кітап фраземасы діни ұғыммен – Мұсаның кітабы–Таурат, Дәуіттің кітабы – Забур, Исаның кітабы – Библия, Мұхамбет кітабы – Құран тікелей байланысты.

Төрт сөзі көз сөзімен тіркесіп метафораланған тіркес жасайды. Қазақ тіліндегі екі көзі төрт болу – күту, әбігерлену, тынышы кету, қорқу; төрт көзі түгел – отбасы аман, есен, отбасы түгел; түн ұйқысын төрт бөлу – мазасы кету, алаңдау; төрт арыстың баласы – бүкіл ел, халық; төрт аяғы тең теңселген жорға – жақсы жорғалайтын ат және төгіле жырлайтын ақын, төрт аяқтан ақсады – ауыртпалық басына түсіп, қиналды, төрт аяқты екенсің – қу, залым екенсің (қарғыс); төрт табандады – екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалды; төрт тағаны қимылдады, зорға қимылдады, әлсіреді; түрк

башқұрт тілінде төрт көзімен қарау – асыға, шыдамсыздана күту дегенді, өзбек тілінде екі көзі болды – асыға күту; ұйғырша – төрт путы асманға салбиримоқ – қайтыс болу дегенді білдіреді.

Түркі халықтарында, әсіресе, қазақ халқы үшін төрт түлік күн-көріс пен тіршіліктің негізгі көзі болған. Төрт түлік мал фраземасының мотиві – түйе, жылқы, сиыр, қой. Төрт түліктің сақтаушы иесі бар деп есептеген, атап айтсақ: түйе пірі – Ойсыл қара, жылқы пірі – Қамбар ата, сиыр пірі – Зеңгі баба, қой пірі – Шопан ата және оларға сиынған. Тілде сақталған төрт түлігі сай болды «малға байыды, бай болды» фраземасы да осы түсінікпен тікелей байланысты.

Түркі тілдерінде төрт сөзімен тіркесіп жасалған идиомалар саны аз емес. Идиомалардың негізге мағынасы тұрақтылық, біркелкілік, беріктік. Мысалы: ұйғыр тілінде төрт аяғына тұрғызмақ – бағып өсіріп, адам қылу; төрт мүшесі сақ – аман-есен; төрт там – тұратын жай, баспана. Якут тілінде төрт саны о дүниемен, тозақпен тікелей байланысты, төрт тозақ – жеңіл тозақ дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл тілде төрт сөзі түн және қыспен байланысты болып та келеді.

Қазақ тілінде төрт қанатты үй, төрт төбе қыпшақ, төрт тарап және т.б. тіркестердегі ұғымдар төрт санының бойындағы құпиялар мен жұмбақ сырлардан мағлұматтар бере алады. Мысалы:

Төрт санының символикалық мәні қазақ танымында тұрақты бүтіндікті білдіреді.

Молайып төрт түлігі санға жетсе; Жатады төрт құлақта өлген адам; Бірден кеп төрт аяғы үйлескен соң; Төрт түлік төңірегі сай адамға; Дүниенің төрт бұрышына құлаш жайған(М. Жүсіп) .

«Төрт құлақта» фразеологизмі барлығымызға бірдей таныс емес. Аталған фразеологизмінің семантикасы – зираттың төрт бұрышы екенін

аңғартады, ал «төрт аяғы үйлесу» тіркесі халықтағы «төрт құбыласы түгел» тіркесімен мағыналас екенін аңғарамыз.

Бес санының қатысуымен жасалған фразеологизмдер. Санау жүйесі ретінде бес ертедегі сандықтар шегі болған. Санау жүйесінің бастамасы саусақтан басталатынын ескерсек, шектік, көптік мағына бес саусақпен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі бес аспабы сайлаулы – бар қаруы дайын, жау-жарағы әзір фраземасы бес қарудан шыққан. Бес қару тартыспақ – садақ; атыспақ – мылтық; шанышпақ – найза, сүңгі; шабыспақ- қылыш алдаспан; салыспақ – шокпар, айбалта. Ертедегі түсінік бойынша, ержігіттің бес қаруы болуы керек және ол әрқашан дайын тұруы қажет.

Тіліміздегі бес аспап – қолынан бәрі келетін шебер, барлық іске икемді; бес саусақтай біледі – жатқа, жетік біледі; бес биенің сабасындай – толық, етжеңді; фраземаларында өте жақсы, керемет семаларының мағыналары бар.

Бес күндік пәни (бес күндік жалған дүние) бес күндік өмір – шектеулі ғұмыр мағынасындағы фраземалар семантикасы шектік, уақытша ұғымындағы адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығындағы уақыт өлшемін білдіреді. Мысалы:

Алты санының қатысуымен жасалған фразеологизмдерде өте көп, шексіз, шетсіз сема бар. Бестік санау жүйесімен кейінгі (көп мағынасындағы) алты саны да халық ұғымында алыстық, күштілік, кереметтік, қаһарлық мағынасы бар. Алты аласы, бес бересі жоқ – айдаладағы, алыс біреу; алты арыс – ірі-ірі ру тайпалары, туыстық жағынан жақындар; алты алаштың баласы – күллі қазақ, тұтас; алтау араз болса – өзара араз, береке болмаса; алты қабат аспанның ар жағында (алты қырдың астынан – алыста, қиырда фраземаларында алыс, көпшілік, біртұтас мағыналары басым болса, алты басты айдаһар – айбарлы, күшті,

дүлей; алты батпан – аса зор, үлкен, тым ауыр; алты батпан азап – ауыр жол, қиянат – қасіреті мол өмір; алты малта ас болмай – басқа қиыншылық күндер туып, жартымсыз тамаққа көну, алты қанат ақ үй) алты қанат ақ орда – үлкен, еңселі, салтанатты, алты құлаш ақ найза – батырларға арналған ұзын қару, идиомаларында күшті, қаһарлы, үлкен, ұзын, дәу, өте, зор мағыналары басым. Мысалы:

Алты Алашқа жайылған Мәшһүр атым; Болмаңыз алты ауызды, дін-мұсылман және т.б. Аталған фразеологизмдер халық қолданысында бар және көптеген қаламгерлердің шығармаларында да қамтылған.

Жеті саны қазақ халқы үшін өте киелі сан. Ол діни түсініктермен де өте тығыз байланысты. Себебі Алла барлық жанды және жансыз заттарды жеті күнде жасап бітті деген түсінік бар. *Жеті қат көк қуанып, қойнын ашты; Жаралған жеті күннің бәрі бірдей; Жеті ықылымға қазақтың атын шашқан.*

Түркі халықтарында жеті санымен астрономиялық терминдер мен түсініктер қалыптасқан. М.Қашқари лұғатында жеті қабат аспан, қазақ тілінде жеті қабат жер, жеті қабат аспан болып қолданылады. Қарақалпақ тіліде де осы мағынада кездеседі.

Жеті саны семантикасымен байланысты туған фольклор сюжеттері, мақалдар мен мәтелдер түркі халықтарында көптеп кездеседі. Түрік тіліндегі жеті басты – көкбет, ашушақ әйел; жеті жанды – суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін адам; түрікмен тілінде жетінің бірі құжылпас, өз пайдасын, өз керегін тапқыш; қарақалпақ және қазақ тілдерінде жеті қат жер астында – өте алыс; алтай тілінде – екі жолдың айрығында; башқұрт тілінде – жеті күн, жеті түн дегенде; ұйғыр тілінде жеті атаның аруағы ұру, жеті мүшесі сау т.б. тіркестер кездеседі.

Жеті саны түркі тілдерінде туыстық қатынастарды да білдіреді. Мысалы: түркі халықтарындағы жеті ата – бір кісіден тараған аталас

қауым жеті атаға жеткенде ақ түйе, боз қасқа сойып, үлкен жиын жасап, одан соң қыз алысқан.

Үйленсең үйленгіл сорап һәм затын

Исмин, нәслин жеті пұшты әждадын – деп Әжінияз атамыз да бекерге айтпаған сияқты.

Жеті ата қазақ халқы үшін – бала, әке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата. Халық әдет – ғұрпында өлген жетісін өткізу салты бар. Қазақ тіліндегі жетісін өткізу өлген кісінің артын күту мағынасында қолданылады. Қайтыс болған кісіге жеті күн өткен соң, құдайы садақа береді, оны еске алуы үшін жұртты жинап, ас береді. Осы ұғым негізінде қалыптасқан жеті нан құдайы, жеті тиын садақа, жеті тиын нәзір фраземалар тілде қолданылады.

Жеті санының молшылық, байлық, баршылық мағынасын беретін тілдік фактілер бар. Жеті шақырым, жеті қабат, жеті атадан бері, жеті түн ортасы.

Қазақ халқы дәстүрінде жеті қазына тіркесін әр кезде, әр жерде түрліше айтылып жүр. Академик А.Қайдар жеті қазына тіркесіне этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған¹. Қалай болса да әр кездегі жеті қазына туралы мотивтер түрліше болса да фраземаның семасында байлық көзі, байлық күт береке мағынасы сақталған. Академик І.Кеңесбаев пікіріне сүйенер болсақ жеті дегенге әрдайым дін немесе миф, тотем арқау болды деген пікірлер бар. Бұл шындық өмірден елес береді².

Сан есімдердің ішінде жеті санының әрбір халықта өзіншелік мағынаға ие. Көп халықтың әдеттерін, салт-дәстүрін, көп тілді білетін кісіні жеті ғылымның, жеті дүниенің тілін білген дейді.

¹ Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж. 47 б.

² Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.614 б.

Жеті ықлым тізбегі ертедегі Мухаббатнама және Хұсрау-Шырын жырларында да кездеседі. Мухаббатнамада жеті санымен тізбектесіп келетін екі фразеологизм бар. Жеті ықлым ішінде сұлулығы сендей жан жоқ және есігінде жеті көп пенде болсын. Бұл мысалдарда бүкіл дүние мағынасын білдіріп тұр.

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде жеті ықлым сөзінің орнына дүние әлем сөздері қолданылады. Тап осындай мағынада Хұсрау және Шырын жырында да бар. Мысалы: жеті ықлым үстіне билік жүргіз – йүриткил йети ықылым үзрә фәрмән. Бұндай тізбек қарақалпақ жырында да бар.

Зийуар жаным бұндай батыр нашарды,

Жети ықлымды гезіп сирә көрмедим («Ер Зийуар»).

Жеті санына байланысты халық арасында қалыптасқан қыз алысу дәстүрі бар. Араға жеті атаны салып құда түсу ғұрпы ата-бабамыздан бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. Бұл жерде жеті саны алыс-жақындықтың өлшемін көрсетіп, әрбір рудың адамы жеті атасына дейін білуі шәрт, қажет болған. Сондықтан бір кісіден таралған аталас адамдар жеті атаға дейін қыз алыспаған. Осыдан жеті атасын білмеген жетесіз деген сөз тізбегі қалған. Жеті ата түсінігі қырғыз, татар халықтарында да бар.

Қазақ тіліндегі жеті атасынан түк көрмеген (кедей) фразеологизмдері осыдан келіп шыққан. Бұдан басқа да жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жейді, жеті қайнағанда сорпасы қосылмау, жеті ұйықтағанда түсіне кірмеу т.б. сөз тізбектері екі тілде де теңдей қолданылады.

Баланың ер жетіп қатарға қосылуын жеті жастан есептеуде де өмір шындығы бар. Бала жетіге келгенше жерден таяқ жейді – деп бекерге айтпаған. Жетісіне бір рет, жеті күнде, сөз тізбектеріндегі жеті сөзінің апта орнына қолданылуында да өзгешелік бар.

Грек халқында «жеті ғаламат» деген тіркес бар. Ол аты шулы жеті ғаламат мыналар: 1) Египет (Мысыр) пирамидасы. 2) Вавилондағы Семирамида бақшасы. 3) Эфестегі Артемида храмы. 4) Зефс статуясы. 5) Галикарнастағы мавзолей. 6) Коласс Родосский. 7) Фарос болып табылады.

Бұл санға байланысты көз-қарас халық арасында қалыптасып салт, заң болып кеткен. Мысалы: «Жеті атадан әрі қарай қыз алысу» заңы. Араға жеті ата салып құда түсу әдеті ғасырлар бойы сақталып келген.

Бұл дәстүр-салтын Ислам дінін қабылдағандар шариғатқа тура келтіріп алған. Осыдан әр рудың адамы жеті атасын білу шарт болған. Ежелден кедей, тұқым-тұяғынан бері қарай дәнеңе көрмеген жарлы болса, оны «жеті атасынан түк көрмеген» - дейді. Ес біліп, ат жалын тартып мініп, адам болғанынан бері қарай көргені қорлық болса, оны «жеті жасынан көргені қорлық» деп келеді.

Үрім-бұтағынан бері қарай келе жатқан байлық, батырлық, ақындықты «қазақ» жеті атасынан қара көк десе, енді бір жерде «Жеті атадан бері негізі тойған» батырлық, байлық жеті атасынан келген – деп келеді.

Жеті, бұл бір жағынан, жақсылық затпен, өмірге керек өнеркәсіппен, ізгілік қасиетке байланысып жатса, екінші жағынан шаруаны күйзелтіп, елдің дамылын алып, кей кезде аласапыран бүліншілікке, ашаршылыққа әкеп соқтыратын жұтқа да қатысты.

Қазақ жұт-жеті ағайынды – дейді. Олар мыналар: 1) Құрғақшылық (егін шықпауынан құрау). 2) Мал жұтау (қыс қатты болу, қар қалың жауу, індет болу). 3) Оба (домалатпай). 4) Өрт кету. 5) Соғыс (бейбіт елге басқыншылық жасау). 6) Сел кету. 7) Жер сілкіну т.б.

Жеті деген сөз жеті сан есімімен лексикалық мағына жағынан, әрине, адекватты емес, «О баста», «ежелден», «қашаннан» арғы аталарынан бері

қарай деген мезгілдік ұғымды беріп тұр. Екінші сөзбен айтқанда, ең алғашқы тіккелей мағына орнына басқа бір ұғым пайда болып отыр.

Алғашқыдағы шекті сан, бергін келе «шексіз» немесе шартты, әйтеуір бір «көп сан» ретінде айтылып тұр. Бұл тәрізді құбылмалы, өзгермелікті тілдің лексикалық саласының басқа тарауларынан да байқаймыз.

Көп тілді білетін, көп халықтың әдет ғұрпын білетін кісіні халық «жеті ғылымның тілін біледі» деп келеді. Мұндағы «ғылым» деген «білім» мағынасында айтылған (бұл сөз тілімізге араб тілі арқылы келген «ықылым» түріндегі грек сөзі).

Сегіз санының қатысуымен жасалған фразеологизмдер. Кейбір деректерге сүйенсек, көне түркілерде төрт аяқты тіркесі шаруаға қолданылатын, соқаға қосатын жануар (жылқы) мағынасында, ал сегіз аяқты тіркесі бәйгеге қосатын тұлпардың символы ретінде ұғынылған болу керек. «Тұлпар» сөзі түркі тілдерінде әртүрлі бейнелі тіркестермен келеді.

Мысалы: Қазақ тілінде бәйге ат, сәйгүлік ат, қарақалпақ тілінде бәйге ат, шапқыр ат, қырғыз тілінде колок ат, балқар тілінде шабыш ат, башқұрт тілінде шабуш ат және т.б. Бұл тіркестер жорға ат, бәйгеге қосатын тұлпар мағынасында жұмсалады.

Дәстүрлі түрде түркі халықтарында сегіз саны діни мифологиялық түсініктерді бейнелейді. Қазақ тіліндегі сегіз бейіш (ужмақ, ұшпақ, жұмақ) күнәсіз жандар о дүниеде мекен ететін жай, онда барғандар хұр қыздарын, аруларын сүйеді – міс. Мысалы: сегіз қиыр шартарап ұйғыр тіліндегі батасы сегіз тисін, сегіз улы қалалар мен ұлыстар, сегіз түрлі қайғылы өлім т.б. сөз тіркестері сегіз сөзінің табиғатындағы магиялық құбылыстың айғағы бола алады.

Қазақ тіліндегі сегіз қырлы бір сырлы – өте өнерлі, шебер, қолынан келмейтіні жоқ, дос егіз, дұшпан сегіз, сегіз бейіш және т.б. фраземаларында телегей теңіз, көп жеткілікті мағыналары сезіледі.

Сонымен қатар қазіргі көптеген түркі тілдеріндегі сегіз саны толыққандылық, байлық, жетілгендік мағыналарының символы ретінде қолданылады. Мысалы:

Түрікмен тіліндегі сегіз көше алмақ – шоқып қалу, балқар тілінде сегіз сиыр асырағанша, семіз сиыр асыра және т.б. тұрақты тіркестердегі мысалдар дәлел болады.

Тоғыз санының қатысуымен жасалған фразеологизмдер. Тоғыз саны руникалық ескерткіштер деректерінде тоғыз ауыз (тоныкөк), тоғыз татар (Білге қаған) түрік тайпаларының бірлестігі тіркестері түрінде кездеседі. Тоғыз санының семасында атаудың немесе қимылдың сандық шегі деген мағына бар. Кейбір түркі халықтарындағы «тоғыз салық» тіркесі қалың мал санының тоғыздан болуын: тоғыз ат, тоғыз сиыр, тоғыз өгіз, тоғыз киімді мата т.б. білдіреді.

Мысалы:

Үйірімен *үш тоғыз* деп жымыңдап,

Жасы үлкені жанына байланғанда (69 б).

Қазіргі түркі тілдерінде тоғыз санының символикалық мағынасы негізінде туындаған көптіктің шегін білдіретін фраземалар кездеседі. Мысалы түрік тіліндегі тоғыз аталы – некесіз туылған бала; тоғыз жанды – шыдамды, өміршең; тоғыз түйін астында – жер түбінде; тоғыз ауылдан қуылған – тіл табыса алмайтын, тоғыз көрпені тоздырған – ұзақ ғұмыр кешкен; түрікмен тілінде тоғыз арманы орындалған – байлыққа кемелген және т.б. Қазақ тілінде бір тоғыз немесе тоғыз беру тіркестері сақталған.

12 санына байланысты:

Он екі мүше: бас (1), омыртқа (1), жамбас (2), жауырын (2), тоқпан жілік (2), асық жілік (2), қара жілік (2), т.с.с.

Он екі саны тілдегі астрономиялық терминдерді жасауға қатысады. Мысалы: он екі ай, он екі жыл тіркестері Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» он екі күмбез түрінде қолданылған.

Он екі саны түбіндікті, жинақтылықты, толысқандықты білдіреді: он екі мүше, он екі сақа, он екі тұтам, он екіден бір гүлі ашылмаған, он екіден бір нұсқасы жоқ т.б. Соңғы екеуі он екі мүшеге қатысты айтылған.

Мысалы:

Он екі мүшеміз сау тұрып, әлде кімбіз деп дүрсініп жүріп, мұның тапқан қайрат-жігеріне бір п көрмеппіз (М.Ауезов).

Он екі мүшеміз – дене бітімі.

Қырық, жүз сан есімдерімен келетін фразеологизмдер ескі сеніммен ұштасып «қазақ тілінен де орын тепкен: қырқына шыдаған соң, қырық біріне де шыда» баланың қырқынан шығуы; өлген кісінің қырқын беруі т.б.

Түркі тілдерінің біразында көз тиген баланы қырық ожау, не қырық қасық сумен шомылдырады, ертегілерде қырық күн ойын, қырық күн тойын жасайды; қырық күн жол жүріпті деген фразеологизмдер жиі айтылады.

Сойылған малдың етінің борша-боршасын шығарып, жілік-жілігімен бөлуді «қырық жілік» дейді. Әйелдер ірі қараға қаһары түсіп, кейігенде ой, қырық жілік болғыр деп қорлайды. Қырықтың діни ұғымы басқа елдерде де бар. Мәселен, Стамбул түрктерінде біреуге қырық санымен келетін ақшадай қамыр-садақа беру бар. Ислам дінін қабыл еткен халықтардың бәрінде де өлген кісінің қырқын беру бар.

Қазақ ертегілерінде ұшырасатын «бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі» сықылдылар халықтың санасынан ертеден орын тепкен. Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл

санның да «әншейін» сан емес, бір кезде «киелі» мөлшер екендігін көрсетеді.

Қазақ «Қырық күн шілде» деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Бағзы уақыт қыстың да қақаған үскірік аяз мезетін осы қырық санымен өлшеу салты болған. Қырықтың айырықша өлшем болатындығына мынадай мысал келтіруге болады: қырық жамау, қыз қырық жанды т.б.

Қырық санының фраземалар бойындағы қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер академик І.Кеңесбаев еңбектерінде талданылған¹. Фразеологизмдердің ішінде бірден онға дейінгі және қырық, жүз, мың т.б. фразеологизмдер көп қолданылған. Мысалы:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек (74 б).

Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан ұғымдарына киелі мән беріп, өн бойына космономимикалық мағыналар жүктеген. Адамзат қоғамында сандар діни, тәңірлік және әлемдік символдар ретінде қарастырылып, олардың бойында адам санасы жеңе қоймайтын құдіретті құпиялар мен сырлар жатқанына сонымен қатар бұл құдіретті күштердің адамға жақсылық та, жамандық та алып келетініне сенген.

Қырық саны о баста көп, мөлшерсіз деген мағынада қолданылған болу керек. Қазақ тіліндегі қырық қарақшы, қырық бұрау, қырық тесік, қырық жыл тіркестерінде көптік мағына сақталған. Қарақалпақ тіліндегі қырық жарық тіркесі қазақ тіліндегі қырық тесік фраземасының мағынасына сәйкес келеді.

Қырық санының фраземалар бойындағы қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер академик І.Кеңесбаев еңбектерінде талданылған². Қырық

¹ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.615-616 б.

² Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.514 б.

саны адам жасының белгілі кезеңін білдіреді: «Құтты білік» дастанында «жасың қырықтан асса, қырық күнде өсті, жүгірді, ойнады және т.б. тіркестер бар.

Түрік тіліндегі қырық рет сөйледім – ауыз жаппай сөйледім; қырық үйдің мысығы – өз үйіңдей көр; қырық жамау; қырық жылдың басында – баяғы заманда; қырық жылда бір – анда-санда; татар тіліндегі – қырыққа бөлінсін – быт-шыт болсын; қырық жарыл – енді не істе дейсіндер; қырық түрлі сөйлеу – көп сөйлейтін; қырғыз тілінде уәзір; қырық көйлек – баланы қырқынан шығарғанда кигізетін жейде; қырық шілтен – ерекше күш иесі және т.б.

Қазақ халқы сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткен соң, ыдыстың түбіне күміс салып, қырық қасық суды жақын адамдарына жақсы тілектер айтқызып, суға түсіріп, қарын шашын алатын болған.

Сонымен қатар өмірден өткен адамға қырық күннен соң қырқын өткізіп ас береді. Қырық санының бойындағы киелі ұғымдар ауыз әдебиетінде де сақталған.

Қыз балаға байланысты қыздың қырық жаны бар дейді. Қарақалпақ тіліндегі «қырық туар» қалың малға төленетін заттарды білдірген. Ал, қазақ тілінде қалың мал мөлшері отыз жеті, қырық жеті делінген. Бұлайша атау малдың дүниенің санын емес, адам баласының өсуінің, дамуының, өмірге келуінің бір белгісін білдірген. қалың мал қалыңдық пен анасына көрсетілетін құрмет қырық апта яғни баланың ана құрсағында болу уақты тоғыз ай, тоғыз күн дегенді білдіреді. Қырық періште фразеологизмі де әрбір адамның періштесі боалы деген сенімге байланысты. Бала дүниеге келген соң «періштесі күлдіріп жатыр»; «періштесі қақты, қолдады» деген тізбектер баланың қылығына байланысты қолданылады. Сонымен қырық жеті саны дүние, мал-мүлік емес, астарлы мағынасы бар түсінік.

Осы жоғарыдағылардың бәрі де қырық санын ата-бабаларымыздың бір уақыттары белгілі бір өлшем, қасиетті сан ретінде есептегенін білдіреді. Ертектердегі қырық санына байланысты «қырық өтірік айту», «қырық уәзір», «қырық әскер», сиқыршының бойының бір тұтам, сақаланың «қырық тұтам» болуы қырық санының белгілі бір өлшем ретінде пайдаланғандығын көреміз.

Қазақ тілінде қырық жамау фразеологизмі ұшырасады. Бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар. Сау жері жоқ көне дүние, ескі зат және адамның ішкі дүниесін, сезімін білдіретін фразеологиялық тізбек.

Жүрегім менің *қырық жамау*,
Қиянатшыл дүниеден,
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден (Абай).

Ал, қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі қырық жамау – ине тимеген жері жоқ, дал-дал жамау деп беріліп қазақ тіліндегі бірінші мағынасына жақын болғанымен фразеологиялық тізбек болып қолданылмайды. Қарақалпақ тіліндегі қырық жарық – жаралану, жарылып кету сөз тізбегі қазақ тілінде кездеспейді.

Қарақалпақ тілінің маманы О.Доспанов «Қырық саны этимологиялық жағынан ең ертедегі уақыттарда көптік, молдық, сансыз шексіздікі білдіріп, уақыттың өтуімен мағынасы тарайып, қазіргі күндегі семантикасын білдірумен шектелген болуы керек» – деп пікір айтады¹

Сонымен бірге тек қана қазақ тіліне тиісті болған қырық санына байланысты фразеологизмдерді көрсетеді. Ғайыб ерен қырық шілтен, кара қылды қырыққа бөлген, қырық күн қырғын, мың күн сүргін болса да; қырық күн шілде; қырық қазанның құлағын тістеген және т.б.

¹ Доспанов О. Қырық санының келип шығуы туралы. ӨзРИА ҚҚБ Хабаршысы. 2001 ж. N4. 101 -102-беттер.

Бұдан басқа да қазақ тілінде қырық құбылу сөзінде тұрмау; қырық қазанның құлағын тістеу – қыдырымпаз, кезбе кісі; қырық қалта-қу, айлакер; қырық қабаттану – жақтырмау, ашулану; қырықтың қылауы – еш кімге ұқсамайтұғын өзгеше адам; қырық иттің құйрығын түйістірген қу – аса айлакер, қу; қырық жілік болғыр – таласу, бөлек-бөлек болу, көбінесе қарғыс мағынасында айтылады, қырық саққа жүгірту – сан түрлі құбылу, қырық жапырақ – бірнеше бөлек т.б. фразеологизмдер қолданылады.

Осылайша, қырық саны тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, фразеологизмдерде көп қолданылады. Қырық саны біріншіден – көптік түсінігін білдірсе, екіншіден – орта ғасыр магиясымен ерте дәуірдегі мифологияның ықпалы нәтижесінде жұмбаққа айналған белгісіз сан; үшіншіден – қасиетті, киелі есептелуі баланың ана құрсағында жетілісу уақытына байланысты.

Абай өлеңдерінде де сан есімдерден келетін фразеологизмдер көптеп ұшырасады. Мысалы: бір, үш, бес, алты, қырық, жүз сан есімдерімен келетін фразеологизмдер.

Бір күн үшін дос болып,

Жүз құбылған салт шықты (Абай).

Неге риямен екі жүзділікпен сәттің арасында *жүз құбылып* жалған жолда жүресіздер? – деді (М.Ауезов).

Жүз құбылып – сан қилы түрленді.

Қорыта айтқанда, сан есімдер ұйытқы болған фраземалардың бойында мифтік культуремалардың символдары сақталған. Олардың қалыптасуына халық санасындағы мифтік, магиялық танымдар әсер еткен.

3.2. Соматикалық фразеологизмдердің қолданылуы

Фразеологизмдер - тілдің мағыналық жағынын көпғасырлық дамуының нәтижесі. Тілдік бірліктің тіл біліміндегі орны, атқаратын қызметі ерекше, себебі, қоршаған орта туралы күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі де эмоционалды түрде беруде оған тең келер бірлік жоқ.

Тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдарын – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік қасиетімен қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі.

Құрамында дене мүшелерінің атаулары бар тұрақты сөз тіркестерін **соматикалық фразеологизмдер** деп атайды (грек. **Soma** – дене, **онум - атау**). Лексикологтардың айтуына қарағанда қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің 30% жуығы соматикалық атаулардан тұрады.

Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды сөз жасауға сонша бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі. Бір сөздің өзі бір ғана ұғымға телінбей, әлденеше ұғымға, ортақ атауға айналып кеткен.

Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып түп қазық есебінде қызмет атқарады. Оны ұйытқы сөз деп атау орынды. Оған мысалы: тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас т.б.

Тілдегі кез келген сөз фразеологизмдерге ұйтқы сөз бола алмайды. Халықтың өзімен қоса жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер ғана ұйытқы сөз бола алады. Сөздің сапа жағынан қаншалықты дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – оның көп мағыналық сипат алып, туынды мағынада жұмсалып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруға себеп болуында.

Фразеологизмдер – әрбір ұлттың тілінің сөз байлығы болып, көз алдымызға бейнелі образ жасап, суреттеп көрсететін тұрақты сөз тіркестері. Әрбір тілде халық санасында қалыптасқан фразема жасайтын символдық компоненттер болып, оны ұйытқы сөздер деп атайды.

Дегенмен, кез келген сөз ұйытқылық қызмет атқара алмайды да, халықтың санасында, тілінде сан ғасырлар бойы қолданылып келген, байырғы сөздік қордағы сөздеріміз ғана ұйытқылық қызмет атқара алады. Олар көбінесе тілдерге ортақ теңдей символдар болып келеді. Фразеологизмдерде анатомиялық атаулар мен дене мүшелері арқылы жасалған фраземалар өте көп кездеседі.

Фразеология – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар.

Фразеологизмдер – қазақ әдеби тілінің айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді, бояуы қанық алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Фразеологизмдер – барлық тілдерге тән құбылыс. Сондықтан да осы бейнелі сөз орамдары барлық тілдерде кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде қазақ тіл біліміндегі зерттеулердің негізінде бұл құбылыс жан-жақты қарастырылуда. Фразеологизмдер сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де

көп қолданылатын тілдік материал. Фразеологиялық тіркестер қай-қайсысы болмасын бәрі де алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қолданылған. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болады.

Тіл білімінде фразеологизмдер тұрақты сөз тіркесінің жасалуына ұйытқы болып тұрған сөздеріне қарап, соматикалық фразеологизмдер, эмотивті фразеологизмдер, зоофразеологизмдер, сандық ұғымдардың қатысумен жасалған фразеологизмдер және т.б. болып бөлінеді. Біздің мақсатымыз – соматикалық фразеологизмдердің салғастырмалы талдауы болып табылады. Яғни қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипатын салғастыру.

Соматикалық терминін алғаш рет тіл біліміне финн-угор тілінің маманы Ф. Вакк енгізген, ол эстон тілінің фразеологиясын қарастыра отырып, адам дене мүшесінің бөліктерін соматикалық деп атаған¹.

Орыс тіл білімінде «соматикалық фразеологизм» терминін алғаш рет қолданған Э.М.Мордкович. Ол өзінің «Соматикалық фразеологизмдердің семантикалық-тақырыптық топтары» мақаласында орыс тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің саны жағынан басым көпшілігін жағымсыз сипатқа ие фразеологизмдер құрайтындығын атайды².

Қазақ тілінде соматикалық фразеологизмдер әр қырынан зерттеліп жүр. Олар мынадай бағыттарда жазылған: Б.Нағасбекова «Соматикалық фразеологизмдердің көп мағыналылығы», Б.Нұржанова, Б.О.Оспанова

«Тілдік дүние бейнесіндегі «көз» соматизмнің фразео-семантикалық өрісі», Д.Б. Рскелдиева «Соматикалық фразеологизмдердің универсиялық құбылысы», «Ішкі ағзалар ұйытқы болған адамға қатысты соматикалық

¹ Өтебаева Ш., Садыбекова Б.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер//Білім. – №6(54) 2010. –23-24 б.

² Өтебаева Ш., Садыбекова Б.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер//Білім. – №6(54) 2010. –33-36 б.

фразеологизмдер», «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «жүрек» соматизмі», Ш. Мұхамеджанова, М.Рахметтулина «Қазақ және орыс тілдеріндегі самофразеологиялық сөз тіркестеріндегі ұлттық-мәдени компоненттері», А.З.Қазанбаева «Соматикалық фразеологизмдердің қолданысы», Қ.С.Қалыбаева «Түркі тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер», Ш.Т. Кудьярова «Абай өлеңдеріндегі соматикалық фразеологизмдер», А.О.Кәріпжанова «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы соматикалық атаулар ұйытқы болған фразеологизмдер», Б.К.Уызбаева «Қазақ тіліндегі етістікті соматикалық фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты»

Соматикалық фразеологизмдердің пайда болуының негізгі көзі мыналар болып табылады:

1. Адамның іс- қимылдары мен мимикалық қимылы. мысалы: тісін қайрау (сес көрсету);
2. Адам ағзасының фразеологиялық сезімдері мен рефлекстері психифизикалық қозуларға, мысалы: жүрегі ұшты;
3. Жануарлардың қимылы: құлақ түре тыңдау, сақ болу;
4. Қазіргі заманғы дәстүрлер, салттар, ритуалдар, діни және ырымшыл көзқарас поэзиясы: шашын жұлу;

Соматикалық фразеологизмдерге мысалдар:

Көз ұшына кетіп ұзап алып, ылғи жапа - жалғыз шауып отырған (М.Ауезов).

Көз ұшына кетіп – алысқа ұзады.

Қолды болса, болатын жорға Жұмабай (М.Ауезов).

Қолды болса – із - түзсіз жоғалды, ұрланды.

Сонда әдеі *бетінің зәрі қайта* берсін деп не бетімді айтамын Ойка апама деген еді. (М.Ауезов).

Бетінің зәрі қайту – уы тарады

Қазір *жүрегі аттай тулатып* соншалық қуантып, еркін алған көрінісі. (М.Ауезов).

Жүрегі аттай тулатып – қатты толқыды.

Кейде *ұғымсыз сөзден* іші пысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап, қадалып қалады (М.Ауезов).

Ұғымсыз сөз – тынымсыз сөз.

Құнанбайға бұлардың ішінен *көз алмай* қырандай қарап отырған дәл төрдегі Байсал (М.Ауезов).

Көз алмай – көзінің ұшымен қадалып көп қарады.

Тура баспас *табан аяқ* болған соң ит те, құста шығады да! (М.Ауезов).

Табан аяқ – жай қимылдады.

Жастар әлі Тәкежанның қазасын көбірек ойлай ма, *тіс жарып, тіл қатпады* (М.Ауезов).

Тіс жарып, тіл қатпады – үндемеді.

Қол қарасы көрінбейді, мұнысы тіпті жайлы деді (М.Ауезов).

Қол қарасы – адам пендесі көрінбеді.

Недоймке келгенде *көзіңе көк шыбын үймелер* сонда көрермін дегенмін – деп табалаған-ды (М.Ауезов).

Көзіңе көк шыбын үймелер – қорлады.

Екі *көзі қарақаттай жайнаған* аппақ Камшат мұндағы барлық үлкендерге аға-ата деп жалт-жалт қарайды (М.Ауезов).

Көзі қарақаттай жайнаған – мөп - мөлдір сүйкімді қара көз.

Көшірі Баймағамбетке үлкен көзін қысып, әзір тұр дегендей боп, *иек-қақты* (М.Ауезов).

Иек-қақты – ымдады.

Оразбайдың жауыз екені рас еді. Осы елді көпшілікті зарлатқан *қанды ауыз* қасқырдың ең сойқаны сол (М.Ауезов).

Қанды ауыз – жауыз, қаскүнем.

Бол тез деп мені *қолды-аяққа тұрғызбай* сол әкелген жоқ па! деді (М.Ауезов).

Қолды-аяққа тұрғызбай – тыпыршып шыдамады.

Ақырын ғана сыңғырлап, сонша нәзік талдай баяулап қана *тіл қатты* - өзім де сондай сағынып ем (М.Ауезов).

Тіл қатты – сөйледі.

Бір тоқтамай, мүдірмей, соншалық бір шебер *жүйрік тіл* тауып жыр самғайды (М.Ауезов).

Жүйрік тіл – сөзге шешен.

Бірғызбайдың *жүрегін шайлықтыратын суық сөзді* сенен есіттім (М.Ауезов).

Жүрегін шайлықтыратын сөз – сескенетін жағымсыз сөз.

Осымен қатар Құнанбайдың *жүрек жұтқан* ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (М.Ауезов).

Жүрек жұтқан – еш нәрседен қорықпайтын батыл ер азамат.

Сойылмен перейін бе осы кеп! деп *тісін қайрады* (М.Ауезов).

Тісін қайрады – ыза болды, кектенді.

Балағаздың күзетке қойған жігіті *иек артпадан* тазы ертіп шығып жатқан аттылардың барлығын аңшылар екен деп ойлаған (М.Ауезов).

Иек артпадан – дөң биіктеу, шыға беріс жер.

Батыр тұлғалы, ер сұлудың ойшыл *сергек көзі* де, ақ сұр жүзі де еріксіз елеткендей (М.Ауезов).

Сергек көзі – сезгіш, қырағы.

Ақбас білімді *тіс қаққан* адам болғанымен қазақ арасында жаңадан келген (М.Ауезов).

Тіс қаққан – тәжірибесі мол.

Жекелеген сөздердің әр ұғымға жату – жатпауын есепке алмай, жалпы адам біткенге қатысты сөздер мен фразеологизмдері қазақ тілінің

анатомиялық атауларға қатысты фразеологизмдерге соншалықты бай екенін көрсетеді. Тілдегі фразеологизмдердің мол қорын жасаудағы адамның дене мүшелерінің қызметін жай кездейсоқ нарсе деп карауға болмайды.

Адамдар өзіне тән қимыл әрекетін, ішкі психологиялық жай күйін, бойындағы бар қасиетін айнала қоршаған ортаға, түрлі құбылыстарға ұқсастырып, салыстыра сөйлеуді әдет еткен. Мысалы, сөзге шебер, шешен кісі туралы тілге жүйрік, тілі майда, тілі мен жағына сүйенген т.б деп айтады.– «әдепті сөйлеу», *тырнақ астынан кір іздеу* – «жаманшылық қуу», *аузы аққа тию* – «айран,сүт ішу», *тізесін батыру* – «күш көрсету», т.б толып жатқан ұқсас құбылыстарды соматикалық атаулар арқылы жеткізген.

Фразеологизмдерді мағына жағынан классификациялау ең қиын мәселелердің бірі. Қиындық нақты бір тілдегі сөз тудырушы тәсілдердің бірі болып табылатын осы категорияның өзіндік ерекшелігінен келіп шығады.

Мысалы: 1. *Тілі байланды* деген фразеологизм «ауру-сырқаудың салдарынан тілі сөйлеуге келмей қалды» деген мағынаны білдірумен қатар, басқаша мән беріп айтатын болсақ, «үні шықпады», «аузына құм құйылды» дегендердің орнына жүретіні белгілі. *«тілін жұтып қою»*, «үндемей отыру» деген мағынаны білдіреді. Кейде тұлғасы мен құрамы жағынан бір-біріне ұқсамайтын фразеологиялық бірліктің өзі де кейде бір ғана ұғымды білдіре алады. Мысалы: «мылжың», «бос сөзді» деген ұғымды – *аузымен орақ ору, тілмен жағына сүйену, тілі ұзын* – деп айта аламыз, «дәмсіз сөйлеу»; *«тілі ұзын»* деген балама сөздермен айта аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіліміздегі фразеологизмдер ойды образды етіп, көркемдеп, астарлап айтудан пайда болған және қалыптасқан. Бұл ұзақ дәуірлердің жемісі болса да, халық аузында қазіргі күнге дейін сақталып, көркемдігі артқан. Бұнда халқымыздың даналығы, шешендігі, сөз саптауының үлгілері көрінеді.

Фразеологиялық сөз тізбектеріне тіліміздегі *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он екі, қырық, жүз, мың т.б* сан есімдердің ұйытқылық қызмет атқаруы халқымыздың ертедегі салт-дәстүрлері, сенімдерімен байланысты. Бұл тізбектерде сан есімдер өзінің сан мөлшерлік қызметінде емес, белгілі зат немесе құбылыстардың түсінігі ретінде қолданылады.

Сөз бен фразеологизмдердің арасында да бірінен біріне ауысып жататын өтпелі қарым-қатыстық байланыстар болады. Тұрақты тіркестер мен күрделі сөздер о баста сөз бен сөздің тіркесуі арқылы келіп шықса, фразеологизмдердің кейбіреулері кей жағдайда қос сөз бен біріккен сөзге айналып кететіндері болады. Мәселен, түйетабан, мысыққұйрық, атқұлақ, кәріқыз, отағасы, ақсақал, жандайшап, атқамінер, атамекен, аткөпір, ауызекі, ауызба-ауыз, қырып-жою, өліп-өшу, күйіп-пісу, сүйіп-құшу, ат-сайман, атарман-шабарман, жатпай-тұрмай, өліп-тіріліп сияқты біріккен сөздер мен қос сөздер идиомалану, лексикалану, грамматикалану заңымен даму-өзгеру процестерін басынан өткізді. Қазіргі кезде бұлар лексика-грамматикалық жағынан бір-тұтас, ритм ырғағы жағынан бірыңғай болып барып фразеологизмдерден күрделі сөзге айналып кеткен.

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасады. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін

тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді.

Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды сөз жасауға сонша бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі. Мәселен, *мұрнын көкке көтерді* дегеннің орнына қолын көкке көтерді десек, мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал көк деген сөздің орнына оның синонимі аспан сөзімен ауыстырсак (*мұрнын аспанға көтерді*), мағына тұтастығы онша бұзылмағанымен, стильдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. *Көтерді* деген етістікті көтермеді, көтеріп тұр, көтермейікші дегендей түрлендіріп, өзгерте беруге де көнбейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпында қолдануды талап етеді. Сол сияқты бармағын тістеді десек, фразеологиялық мағынасынан ажырап, басқаша мән алады.

Жұмысымызды қорытындылай келе, соматикалық фразеологизмдер – бұл тіл атаулының бәріне ортақ құбылыс, тек олардың пайда болуы, құрылымы, қолданылуы, бейнелеуіштік қасиеті тіл иесі халықтың мінез-құлқымен, салт-санасымен, әдет-ғұрпымен және дәстүрімен ұштасып, олардың көрінісін береді. Ал, әр тілдің тұрақты тіркестері қоршаған ортасымен, орналасқан жерімен ерекшеленуі заңдылыққа жатады.

Біз бітіру мамандық жұмысымызды жазу барысында тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің құрамында сан есімдер және соматизмдердің де қолданылу аясы кең екендігіне көз жеткіздік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. –Алматы: ҚазМУ, 2002.
2. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. –Алматы: Ғылым, 1975.
3. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алма-Ата: Казахское государственное учебно-педагогическое издательство, 1959.
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейсов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1968.
6. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. –Алматы: Мектеп, 1976.
7. Бердимуратов Е. Хәзирги заман қарақалпақ тилинің лексикологиясы. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1968.
8. Бердимуратов Е. Хәзирги қарақалпақ тили. Лексикология. –Нөкис: Билим, 1994.
9. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикасы. –Алматы: Мектеп, 2001.
10. Доспанов О. Қырық санының келип шығыуы туралы. ӨзРИА ҚҚБ Хабаршысы. 2001 ж. N4. 101 -102-б.
11. Дусипбаева Қ. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері. Дис. ... канд. фил. наук. –Алматы: 2001.
12. Ешбаев Ж. Қарақалпақ тилинің қысқаша фразеологиялық сөзлігі. –Нөкис: Қарақалпақстан, 1985.
13. Ә.Болғанбайұлы, Ж.Қалиұлы. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы: Санат, 1997.
14. Жанузақов Т. Қазақ есімдері. Алматы, 1988.
15. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Санат, 1999.

16. Кенесбаев И.К. Устойчивое сочетание слов казахского языка. (Парные слова, идиомы и фразы): Автореф. дис ... докт. фил. наук. -Алма-Ата, 1944.
17. Кеңесбаев И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977.
18. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 614 б.
19. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж. 47 б.
20. Қайырбекова Ұ. Түркі лексикасын компонентті талдау.: Дис. ... канд. фил. наук. –Шымкент: 2003.
21. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. –Алматы: Мектеп, 1972.
22. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –Алматы: Мектеп, 1988.
23. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы: Рауан, 1991.
24. Өтебаева Ш., Садыбекова Б.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер//Білім. – №6(54) 2010.
25. Рахматуллаев Ш. Ұзбек фразеологиясининг баъзи масалалари. –Тошкент: Фан, 1975.
26. Рысбаева Г. Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер. Алматы 2000. 95 б.
27. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. –Алматы: Санат, 1996.
28. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейди. –Алматы: Рауан, 1994.
29. .www. Ziyonet. uz
30. 24. www. edu. Uz
31. 25. dpu-INTERNET. Ped

Мазмұны

Автордың аннотациясы	4
1. Кіріспе	6
2. Фразеологизмдердің түрлері	11
3. Фразеологизмдердің стилдік қолданылуы	17
3.1. Сан есімдердің қолданылуы	21
3.2. Соматикалық фразеологизмдердің қолданылуы	40
4. Қорытынды	47
5. Пайдаланылған әдебиеттер	49